

Л.К. Мусипова^{1*}, Н. Бердимурат²

¹ Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

² Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: mlk75@mail.ru; Nazimgul76@mail.ru

² Scopus Author ID 56786433700; ²ORCID ID 0000-0001-7645-8382

Кәсіпорынның тұрақты дамуындағы мәселелері

Аңдатпа:

Мақсаты: Бүгінгі таңда компанияның бизнес-моделін құруда, оның әрі қарай серпінді дамуына көптеген факторлар әсер ететіні сөзсіз. Компаниялар қаржылық есептілікпен қатар қаржылық емес ақпаратты да мүмкіндігінше ұсынуға тырысады. Қаржылық емес ақпарат интеграцияланған есептілікте көрініс табады. Интеграцияланған есептіліктің құрамдас бөлігі ретінде танылатын кәсіпорынның тұрақты даму бойынша есептілігін құру маңызды. Есептілік көрсеткіштері компанияның тұрақты дамуындағы мәселелерді айқындайды. Мақалада экономиканың қазіргі жағдайында кәсіпорындар мен ұйымдардың тұрақты дамуындағы кездесетін мәселелер қатарын белгілей отырып, тығырықтан шығу жолдарын көрсете келе, сыртқы ортаның тұрақсыздығы жағдайында қолданылатын шаралар жолдары зерттелген.

Әдісі: Тұрақты дамуды қамтамасыз ететін әртүрлі әдістер мен тәсілдер қатары іздестіріліп, оларды тәжірибеде ұтымды қолдану жолдары қарастырылған. Тұрақты дамуға әсер ететін бірнеше факторлар да суреттелген, олардың әрқайсысы зерделенген.

Қорытынды: Компанияның тұрақты даму мәселелерінің бірі ретінде тұрақтылықты басқаруды алға тартуда кездесетін мәселелер назардан тыс қалмаған. Ол компания басшылығының қызметіне немқұрайлылығы мен тиімсіз шешімдер қабылдауындағы, жеткіліксіз мөлшерде жетекшілік етуінің салдарынан да туындауы жайлы баяндалған. Сонымен қатар, шетелдік авторлардың көзқарастарына шолу жасалып, тұрақты дамуды қамтамасыз ететін ұтымды жолдары көрсетілген.

Тұжырымдама: Тұрақты даму туралы есептілікті құратын кәсіпорындардың тәжірибесі елімізде нақты әрекет етуші көшбасшылық танытқан ірі кәсіпорындардың көрсеткіштері сараланып, талдаудың нәтижесі айқындалған. Олар бойынша кәсіпорын өзінің тұрақты дамуында қызметкерлердің қалыпты өмір сүру сапасын жақсартуға бағыт беру керектігі бекітіле отырып, ол үшін компания қоршаған ортаның сапасын жақсарту, қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру, өмір сүру ұзақтығын арттыру сияқты аспектілерге көңіл бөлінетіні айдан анық. Сонымен қатар, қоршаған орта, табиғи ортаны сақтау кәсіпорынның тұрақты даму үрдісінің ең маңызды орын алар көрсеткіштерінің біріне айналған және әлеуметтік саланың әділ дамуы мен экологиялық тұрғыда қауіпсіздік қауіпсіздік шараларын сақтауды қамтамасыз ету басты міндеті деуге болады.

Кілт сөздер: тұрақты даму, тұрақты дамуды қамтамасыздандыратын талаптар, қаржылық тұрақтылық, экологиялық критерий, әлеуметтік критерий.

Кіріспе

Қазіргі таңда экономикадағы сан-алуан түрлі құбылыстардың орын алуына байланысты кәсіпорындар мен ұйымдар қиындықтармен ұшырасады. Нарықтың қиын қыспағында әрекет етуші кәсіпорындар өз тұрақтылығын сақтамас бұрын, іс-әрекет барысында көптеген келеңсіз жағдайларға тап болады. Сондықтан қазіргі кезде кәсіпорындардың тұрақты дамуы өзекті мәселелердің біріне айналды, өйткені оның болашақта орта және ұзақ перспективада дамуына әсерін тигізеді, сонымен қатар дамуына, өркендеуіне үлесі сөзсіз (Adams, 2019).

Бұл құбылыс тек Қазақстан Республикасының кәсіпорындарында ғана орын алып жатқан жәйт емес, әлемнің түпкір-түпкіріндегі елді мекендердің компанияларында да дүрбелеңге соқтырған үрдістер болып саналады (Allison, 2014).

Тұрақты дамудың жекелеген аспектілері кез келген кәсіпорынның қызметінің барлық сфераларына қатыстылығы бар. Мұнда кәсіпорынның бизнес өкілдерімен қарым-қатынасынан бастап, нарықтағы жағдайын бағалау сияқты жағын атауға болады.

Тұрақты даму механизмдерін ұтымды және тиімді пайдалану кәсіпорынның сыртқы жағымсыз әсерлеріне бейім болуға өз әсерін тигізеді. Мұнымен қоса, кәсіпорындар мен ұйымдардың алдағы уақытта қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді дамуы барысындағы көптеген мәселелер қатарының алдын алып, нақты және тиімді басқару шешімдерін қабылдауға жол береді.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: mlk75@mail.ru

Әдебиетке шолу

Нарықтың қатаң бәсекелестік жағдайында кәсіпорындар мен ұйымдар қызметінің барлық бағыттарының толық әрекеттестігіне шешуші факторлар әсер ету есебінен ұйымды стратегиялық тұрғыда басқаруды үнемі жетілдіріп отыруы керек. Аталмыш мәселені еліміздің және шетелдік ғалымдардың баяндаған көзқарастарына тоқталып кетуге болады (Beck, 2015).

М.Н. Нечепуренконың айтуынша кәсіпорындар тұрақты дамуға стратегиялық тұрақтылық пен операциялық тұрақтылық қамтылғанда қол жеткізіледі дейді. Әлбетте, қысқа мерзімдік перспективада кәсіпорынның тұрақтылығы мен өсуі оның қызметінің алғашқы басталған кезінен орын алады және бұл тұрғыда компания тұрақты дамуға жетуде өзінің барлық міндеттемелерін дер кезінде өтеп тұруын айтуға болады. Алдағы уақытта кәсіпорынның ұзақ мерзімді перспективада тұрақты дамуы елдегі нарықтың дамуымен, бәсекеге тұрақтылығымен расталады.

А.С. Зотованың ұйғарымына сәйкес кәсіпорынның тұрақты дамуы қоршаған ортаның ықпалын қарастыра отырып, басқарудың тиімді тұстарын қолдану өз кезегінде оңды нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Кез келген әрекет етуші кәсіпкердің арман-мақсаты пайдаға қол жеткізу болып табылады. Бірақ, бұл арман-мақсаттар әр уақытта жетістікке бару жолында елдегі жағдайға, халықтың хал-ахуалына мән бере бермейді. Кәсіпорындар бұл үшін әрекет ету барысында қоршаған ортаға залал келтірмей, табиғи игіліктерді сақтау және қоғамға пайдалы үлесін қосу арқылы ғана жете алады.

Лучано Барин Крус, Эудженио Авила Педросо сияқты шетелдік авторлардың зерттеу негіздерінде компаниялардың тұрақты дамуында сала ерекшелігін ескере отырып, негізгі мәселелерді анықтап, оларды ұтымды шешу жолдарын табу керек деген көзқараста. Ұсынылатын шешімдер мәселенің мән-жәйін ескере отырып, менеджерлер қатарына басқарудағы қиындықтарды жеңуге бағыт-бағдар беруді көрсетеді.

Венди Мария Пёрселл, Хизер Хенриксен, Джон Д. Спенглер мақалаларының бірінде тұрақты дамудың мақсатына қол жеткізуде жоғары оқу орындарының оқытушылары, профессорлық құрам және белсенді студенттер қатары және білім ордаларының түлектері бірлесе отырып ұйымның тұрақты даму жолына көп үлестерін қоса алады деген тұжырымда. Университет қабырғаларында, басқа платформаларда ұйымдастырылып өткізілетін әртүрлі ғылыми жобалар мен стартаптарда мұндай мәселелер өз шешімін табуы әбден мүмкін және осы орайдағы адами капиталдың бұл категориялары әлемдегі компаниялардың даму жолдарындағы тәжірибелерді зерттей отыра, өз елінің кәсіпорындарының тұрақты дамуына өз үлестерін қосудағы орнын ерекше қажет деп санайды.


Д. Ожелененің пайымдауынша кәсіпорынның тұрақты дамуы барша әлемде маңызды мәселелер қатарына жатады және даму жолына ұмтылатын кәсіпорындар маңызды шешімдерді қабылдауда олардың экологиялық және әлеуметтік қажеттіліктерін ескерген жөн деп санайды. Осы орайда көптеген нақты таңдаулы әдістер мен тәсілдердің барын атай отыра, олардың бизнесті өркендетудегі ролін атап өтеді.

Әдістеме

Тұрақты дамуды қамтамасыз ететін әртүрлі әдістер мен тәсілдер кәсіпорындардың сыртқы ортада орын алатын келеңсіз, жағымсыз әсерінен алшақ болуды қамтамасыз ете отырып, оның әрі қарай дамуына үлесін қосады.

Кәсіпорынның тұрақты даму мүмкіндігі алдындағы тұрған мәселелердің қажеттілігі мен күрделілігінен тұрады. Осындай мәселелер қатарын дұрыс анықтап, оларды ахуалды түрде шешімін табу әрбір кәсіпорынға маңызды.

Кәсіпорынның тұрақты дамуындағы басты бір мәселелер 1-ші суретте көрсетілген (1-сурет):



1-сурет. Тұрақты даму мәселелері

Осы орайда, кәсіпорынның бәсекеге қабілетті табысты қызмет етуіне тұрақты дамудың мәселелері теріс әсерін тигізеді сөзсіз.

Қаржылық тұрақтылық болмаған жағдайда кәсіпорын банкротқа ұшырап, жабылуына тура келеді.

Тұрақты дамуға әсер ететін бірнеше факторлар қатарын келтіруге болады:

- кәсіпорын капиталындағы меншікті капиталдың үлесі;
- өндірілетін өнімнің көлемі;
- шығындар көлемі;
- қолданылатын жабдықтардың тозу дәрежесі;
- қаржы құралдарының құрамы мен құрылымы.

Аталған факторлар кәсіпорынның қаржылық жағдайының тұрақты дамуына орасан зор септігін тигізеді десек шатаспаймыз деген ойдамыз. Себебі, кәсіпорынның капиталының басым бөлігі меншікті капитал болса, кірістері мен шығыстарының қатынасы қалыпты жағдайда болса, тоқтаусыз өндірісті қамтамасыз ететін жабдықтардың жаңару коэффициенті жоғары және міндеттемелер уақытылы өтелген жағдайда тұрақты дамуды қамтамасыз ете алады.

Мұнымен қоса, кәсіпорынның тұрақты даму мәселелерінің біріне тұрақтылықты басқару мәселесін жатқызуға болады. Көп жағдайда кәсіпорын немесе ұйым басшысының тиімсіз, сауатсыз басқару шешімдерін қабылдау барысында және жеткіліксіз жетекшілік ету кезінде кәсіпорынның құлдырауы мен жабылуына әкеліп соқтырады. Осы орайда, кәсіпорынды басқаруда оның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін шаралар қатарын іздестірген жөн.

Нәтижелер

Жоғарыдағы авторлардың ұйғарымдарын ескере отырып, кәсіпорындардың тұрақты дамуы ұғымына өз тарапымыздан түсініктеме бере кетейік. Кәсіпорын заманның талабына, нарықтағы даму шарттарына уақытылы жауап бере алатын үздіксіз, жедел және стратегиялық басқару үрдісін сақтай отырып, кәсіпкердің қызметінің жетік нәтижесіне қол жеткізу. Осы тұста әрбір кәсіпорын нарықта шешуші, алдыңғы қатарлы позицияда болу үшін белгілі ережелер мен тәртіптер қатарын ұстануға мәжбүр болады.

Кәсіпорынның тұрақты дамуын қалыптастыру критерийлерін қарастыратын болсақ, оларға экономикалық, құқықтық, әлеуметтік және басқарушылықты жатқызуға болады.

Экономикалық критерийлерді ашып көрсететін болсақ, мұнда міндетті түрде кәсіпорынның несиеге қабілеттілігі, қаржылық тұрақтылығы, төлем қабілеттілігі, инвестицияға белсенділігін ынталандыру, мүмкіндігінше шығыстарының көлемін төмендетуді қарастыруға болады.

Құқықтық критерий өзіне Қазақстан Республикасы аймағында қатаң күшіне енген барлық заңдылық-нормативтік құжаттардағы талаптардың сақталуын енгізеді.

Әлеуметтік критерий адами капиталға маңыздылық таныту, кәсіпорында әлеуметтік сұрақтарға үлкен жауапкершілікпен қарау, қызметкерлердің кәсіби шеберлігін арттыру жатады.

Басқарушылық критерий тұрақты даму мақсатында кәсіпорынды оралымды және тиімді басқару, қызметтің құрылымына аса назар аудару, кәсіпорын өркендеуіне әсер етуші көрсеткіштермен жұмыс жасау.

Осы аталған жағдайларға сүйене келе біз бірыңғай сандық тұрғыдағы көрсеткіштерді қолдану арқылы кәсіпорынның тұрақты даму тетігімен қамтамасыздандырылатын дамудың нақты көрінісін айқындауға қабілетсіз болатынын дәлелдей аламыз. Кәсіпорын есептіліктегі сандық көрсеткіштерді талдап қана қоймай, сонымен қатар, басқа да аспектілерге көңіл бөлгені дұрыс, мысалға, кәсіпорындағы адами капитал дамуына қандай талап қойылған, нарықтағы қарым-қатынас қалай орнатылған, өндірісінде пайдаланылатын ресурстарының сапасы сын көтереді ме, қоршаған ортаны ластаумен қалай күреседі деген сұрақтарға жауап іздестіру. Сол себептен жеке кәсіпкерлер мен ұйымдар тұрақты дамуды қамтамасыз етуде жоғарыдағы сұрақтармен қатар нарықтағы позицияны сақтап қалуда жан-жақты ізденістер жасап, қиындықтарға төтеп беретін оңтайландыру шараларын қолданған абзал.

Әрбір бизнес өкілі өз қызметінің қарқынды даму барысында алдына мақсат қоятыны айдан анық. Мақсатқа қол жеткізуде белгілі стратегиялық жоспар, кәсіпорынның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін жүйе таңдалады. Жоспардың мүлтіксіз орындалуына кәсіпорында меңгерілген негізгі және маңызды әдістемелік шешімдер, зерттеу нәтижелері негіз бола алады.

Тұрақты даму туралы есептілікті құратын кәсіпорындар қызығушылық танытқан ішкі және сыртқы пайдаланушылар қауымына экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қызметі жайлы ақпаратының маңыздылығын түсіне отырып, оның барынша ашықтығын, шынайылығын қамтамасыз етуге тырысады.

Мысалға, «НУХ Байтерек» Акционерлік қоғамының 2021 жылға қалыптасқан тұрақты даму туралы есептілігі тұрақты даму аймағындағы есептілік бойынша жаһандық бастаманың стандарттары (GRI Standards) аясында қалыптасқан. Есептілік Холдингтің 2021 жыл ішіндегі қызметінің нәтижелерін айқындаған. Жыл ішінде есептілікте ашылуға жататын маңызды аспектілер қатарын анықтау бойынша бірқатар істер атқарылған. Осы орайда, GRI көрсеткіштеріне талдау жасалып, оның нәтижесінде Холдинг қызметіне қатысты сауалнама құрылған.

Сауалнамадағы тақырыптар қажетті үш, яғни экономикалық, экологиялық және әлеуметтік топтарға үйлестірілген. Сауалнама Холдингтің пайдаланушыларына, инвесторларына, еншілес ұйымдарына, құрылымдық бөлімшелеріне ең маңызды тұстарды таңдау мақсатында ұсынылған және оның нәтижелері Холдингтің мәнділік матрицасында көрініс тапқан.

Холдингтің 2021 жылдағы тұрақты даму туралы есептілігіндегі негізгі орын алған оқиғаларға келесілерді атап кетуге болады:

- 1) 2014-2023 жылдарға даму жоспары жаңартылған;
- 2) инвестициялық саясаты қайта қаралған;
- 3) «Жасыл энергетика» саласында бірқатар жоба-жоспарларға қолдау көрсеткен.

Холдингтің 2019-2021 жылдар аралығындағы тұрақты даму туралы есептілігінің көрсеткіштеріне талдау жасайтын болсақ, қызметкерлерінің орташа тізімдік саны 2019, 2020 жылдары 123 адам болса, 2021 жылы 131 адамды құраған, яғни 8 адам немесе 6%-ға өскен.

Кәсіпорындағы 1 адамға шаққандағы оқу сағатының орташа жылдық саны (адам-сағат) 2019 жылы — 33 сағат, 2020 жылы — 40 сағат, ал 2021 жылы — 43 сағатты көрсеткен. Холдингке деген сенім индексі 2019 жылы — 88,1%, 2020 жылы — 88,3%, 2021 жылы — 87,5% құраған.

Тұрақты даму туралы есептілікті құратын кәсіпорындардың қатарында «Казатомпром» Акционерлік қоғамы да бар. Бұл кәсіпорын нарықта уран мен оның қосылыстарының, атом энергетикалық станциялары үшін ядролық отын, арнайы құрылғылар мен технологиялардың, қосарланған материалдардың импорты мен экспорты жөніндегі ұлттық оператор ретінде танылған.

Кәсіпорынның қызметі атом, химия және энергетика салаларын дамыту мен көркейту бағытындағы мемлекеттік стратегиялық жақтарды баяндайды. Тұрақты даму, нарықта өз позициясын жоғалтпау компанияның басты миссиясы ретінде қарастырылған және клиенттер мен серіктестері алдында өз сенімін жоғалтпау көзделген. Осы орайда, компания 2020 жылғы есептілік берілгендері бойынша тұрақты дамудағы көрсеткіштерін одан әрі жақсарту мақсатында еңбектенген. Оған мысал ретінде жұмыскерлердің қауіпсіздігі бойынша алдын алу шараларының арқасында жарақат алу жиілігі 2019 жылмен салыстырғанда 0,02 %-ға төмендеген. Жобаларды жүзеге асыруды жалғастыруда демеушілік және қайырымдылық көрсеткіштері 2019 жылмен салыстырғанда 2 есе артқан. Ел ішінде өңірді дамытуға 80-нен астам әртүрлі әлеуметтік жобаларға қатысу барысында инвестициялары 6%-ға ұлғайған. Осы және басқа да жағдайлар кәсіпорынның тұрақты дамып, уран өндіру саласындағы көшбасшылыққа ие болғанын түбегейлі дәлелдейді. Ия, қиындық туындамайтын кездер болмайды, тұрақты даму барысында компаниялар көптеген мәселелермен ұшырасады, дегенмен, тығырықтан шығу жолдарын іздестіріп, тиімді тұстарын ажырата білу ол басты міндет болып табылады (Brown, 2015).

Кәсіпорында экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік басты орындардың бірін иеленеді десек қателеспейміз. Себебі, нарықта тұрақты позицияны сақтап қалуда, стейкхолдерлермен тығыз қарым-қатынаста болу әрбір кәсіпорын үшін маңызды. Мысалға, елімізде кеңінен орын алған кен-байыту қызметімен айналысатын ірі кәсіпорындардың тұрақты дамуы туралы жылдық есептіліктеріне шолу жасайтын болсақ, олардың кез келгені бұл аспектілерді өте жақсы ашып көрсетеді.

Ел аймағында әрекет етуші бірнеше ірі кәсіпорындардың тұрақты дамуы бойынша есептілігінен алынған мәліметтер негізінде келесі 1-кестені қарастырып көрейік.

1-кесте. 2022 жыл қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының кәсіпорындарының әлеуметтік көрсеткіштері

Кәсіпорындар атауы	Қызмет түрі	Қызметкерлер саны, адам	Әлеуметтік бағыттағы шығыстары, млн. теңге					Жоғары оқу орындарымен қарым-қатынасқа шығыстар
			Қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталғаны	Қызметкерлерді әлеуметтік қорғауға шығыстары	Кәсіп-одақты ұстап тұру шығыстары	ЕҚ және ӨҚ саласындағы іс-шараларға арналған шығындар	Әлеуметтік маңызы бар нысандарды ұстап тұру шығыстары	
«Казатомпром» Акционерлік қоғамы	табиғи уран өндіру, уран өнімдерін өндіру	20813	2	5,1	843,8	8,08	928,8	0,271
«КазМунайГаз» Ұлттық компаниясы	мұнай мен табиғи газды өндіру, тасымалдау және өңдеу	47526	4,2	24	-	0,02	3,3	0,16
«Қазақмыс Корпорациясы» Акционерлік қоғамы	Мыс өндіру; мыс кенін өндіру және байыту; түсті металдар мен қорытпаларды өңдеу	65632	1,7	2,7	-	2,47	1,8	0,566
«Самрук-Энерго» Акционерлік қоғамы	көмір өндіру және сату, жылу және электр энергиясын өндіру, беру, бөлу және сату	17834	0,003	0,046	-	3,789	0,046	0,04

Кестеден көріп тұрғанымыздай, аталған ірі кәсіпорындарда әлеуметтік салаға бірталай қаражаттың жұмсалатынын байқауға болады. Осы бағыттағы жұмсалатын қаражаттардың бұл аталғандары тек оннан үш бөлігін ғана құрайды десек қателеспейміз. Бұдан басқа мысалға, қызметкерлердің өздері мен отбасы мүшелеріне санаториялық-курорттық мекемелерде сауықтыру процедураларын алуға және олардың балаларына ауысымды лагерлерге қатысуға, көпбалалы отбасыларына әлеуметтік көмек беруге, қызметтік бағытта бөлінген жатақханаларды ұстап тұруға және басқа да осындай шараларды ұйымдастыруға қаражат бөлінеді (Вурганов, 2020). Мұндай шығындарды кәсіпорындар екі жылдың көрсеткіштерін салыстыра отырып, тұрақты дамудағы мәселелерді анықтап, қандай жағдайларға аса назар аудару қажеттігін анықтайды және алдағы уақытта сол мәселемен күресуге күш салады.

Талқылау

Аталған мәселелер төңірегінде келесідей талқылаулар жасауға болады, шетелдік және отандық авторлардың мәлімдеулерін қарастыра отырып, кәсіпорынның тұрақты даму ұғымын төмендегідей көрсетуге болады:

1) Кәсіпорын өзінің тұрақты дамуында қызметкерлердің қалыпты өмір сүру сапасын жақсартуға бағыт беру керек, яғни ол үшін қоршаған ортаның сапасын жақсарту, кәсіби біліктілігін арттыру, өмір сүру ұзақтығын арттыру;

2) қоршаған орта, табиғи ортаны сақтау кәсіпорынның тұрақты даму үрдісінің ажырамас бөлігі ретінде санау және әлеуметтік саланың әділ дамуы мен экологиялық тұрғыда қауіпсіздік қауіпсіздік шараларын сақтауды қамтамасыз ету (Kuznetsova, 2015).

Қорытынды

Әлемнің түпкір-түпкірінде кәсіпорындардың тұрақты дамуы ұғымы туралы әртүрлі тәсілдер мен әдістер, ауқымды көзқарастар кең түрде таралғанымен, оларда бекітілген шынайы бағыт, қағидаттар

мен анықтамалардың анық болмауы, біртектес көзқарастардың орнықтауы басымдықты әлі де болса білдіруде (Miller, 2013). Мақалада ел аймағындағы кәсіпорындар мысалында қарастырылып зерттелген көрсеткіштер негізінде олардың тұрақты даму бағытындағы мәселелермен ұшырасатынын байқадық.

Қорытындылай келе, кәсіпорынның тұрақты дамуында кездесетін мәселелерді саралай отырып келесілерді атауға болады:

- тұрақты даму барысында технологияларды ұтымды пайдалану, еңбекті қауіпсіз ету, экологиялық қалдықтарды сапалы жою;
- экологиялық апаттардың алдын алу бойынша әртүрлі іс-шараларды дер кезінде қабылдау;
- нарықтық экономика жағдайында ел экономикасының тұрақты даму ағынына бейім болу, қоғам мүддесін қорғау;
- экономикалық дамудағы, әлеуметтік мәселелерді шешудегі мемлекеттік саясатты ұстану.

Әдебиеттер тізімі

- Adams C. A. Exploring the Implications of Integrated Reporting for Social Investment (disclosures) / C. A. Adams, B. Potter, P. J. Singh, J. York // *The British Accounting Review*. — 2016. — Vol. 48. — Issue 3. — P. 283-296. DOI 10.1016 / j.bar.2016.05.002.
- Allison B. Fixed fortunes: Biggest corporate political interests spend billions, get trillions. (November 17). — [Electronic resource] / B. Allison, S. Harkins. — 2014. — Access mode: <https://sunlightfoundation.com/blog/2014/11/17/fixed-fortunes-biggest-corporate-political-interests-spend-billions-get-trillions/>.
- Barin Cruz L. Corporate social responsibility and green management: Relation between headquarters and subsidiary in multinational corporations / Cruz L. Barin, Pedrozo E. Avila // *Management Decision*. — 2009. — N 47(7). — P. 1174-1199.
- Beck C. In pursuit of a “single source of truth”: from threatened legitimacy to integrated reporting / C. Beck, J. Dumay, G. Frost // *Journal of Business Ethics*. — 2015. — Vol. 141, No. 1. — P. 191-205.
- Brown J. Integrated reporting: On the need for broadening out and opening up. / J. Brown, J. Dillard // *Accounting, Auditing & Accountability Journal*. — 2014. — Vol. 27, 7. — P. 1120-1156.
- Kuznetsova I. Sustainable enterprise development: essence and components / I. Kuznetsova, O. Balabash // *Соціально-економічні проблеми і держава*. — 2015. — N 1. — P. 48-57.
- Miller P. Accounting, organizing, and economizing: Connecting accounting research and organization theory / P. Miller, M. Power // *Academy of Management Annals*. — 2013. — Vol. 7, No. 1. — P. 557-605.
- Oželienė D. A review of enterprise sustainable development models: Critical appraisal / D. Oželienė // *Science. Business. Society*. — 2017. — No 2(2). — P. 97-103.
- Purcell W. M. Universities as the engine of transformational sustainability toward delivering the sustainable development goals: “Living labs” for sustainability / W. M. Purcell, H. Henriksen, J. D. Spengler // *International Journal of Sustainability in Higher Education*. — 2019. — N 20(8). — P. 1343-1357.
- COSO: Управление рисками организации. Интеграция со стратегией и эффективностью деятельности. Доступ из справ.-правовой системы «Консультант плюс». — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.consultant.ru/cons news/156498>.
- Вурганов М. Г. Современные подходы к определению понятия «устойчивое развитие» и разработка стратегии устойчивого развития компании [Текст] / М. Г. Вурганов, А. С. Хабалова, Н. Ю. Павлова // *Global and Regional Research*. — 2020. — Т. 2, № 1. — С. 169—176.
- Годовой отчет за 2022 год АО «Корпорация Казахмыс». — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://kase.kz/files/emitters/КМСП/kmcpp_2022_rus.pdf.
- Годовой отчет за 2022 год АО «Самрук-энерго». — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://www.samruk-energy.kz/images/documents/SE-book_RU_1_compressed.pdf.
- Годовой отчет НК «Казмунайгаз». — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://ar2022.kmg.kz/ru>.
- Зотова А. С. Устойчивое развитие предприятия корпоративного сектора в современных условиях [Текст] / А. С. Зотова, А. В. Фадеев, В. Азиханова // *Евразийский Союз Ученых (ЕСУ). Экономические науки*. — 2014. — № 8–2(8). — С. 166-169.
- Интегрированный отчет за 2022 год АО «Казатомпром». — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://www.kazatomprom.kz/storage/45/integrirovannii_godovoi_otchet_kazatomprom.pdf.

Л.К. Мусипова, Н. Бердимурат

Проблемы устойчивого развития предприятия

Аннотация:

Цель: В построении бизнес-модели компании на ее дальнейшее динамичное развитие, несомненно, влияет множество факторов. Наряду с финансовой отчетностью компании, стремятся предоставлять как можно больше нефинансовой информации. Нефинансовая информация отражается в интегрированной отчетности. Составной

частью интегрированной отчетности является отчет по устойчивому развитию. Показатели отчетности определяют вопросы устойчивого развития компании. В настоящей статье обозначены проблемы, с которыми сталкиваются предприятия в условиях нестабильности внешней среды, и их меры по улучшению.

Кроме того, изыскан ряд различных методов и подходов, обеспечивающих устойчивое развитие; рассмотрены пути их рационального применения на практике. Продемонстрированы несколько факторов, влияющих на устойчивое развитие, каждый из которых изучен и проиллюстрирован. Также не остались незамеченными проблемы, возникающие при продвижении управления устойчивостью как одной из проблем стабильного развития компании. Неграмотный подход в управлении и неэффективное принятие решений руководством компании также приводят к многочисленным проблемам. Кроме того, сделан литературный обзор работ зарубежных авторов, и показаны рациональные пути, обеспечивающие устойчивое развитие предприятия.

Изучены и отражены результаты исследования показателей отчета по устойчивому развитию крупных и лидирующих компаний в Казахстане.

Методы: Изучены социальные и иные показатели из отчета по устойчивому развитию крупных предприятий страны, и произведены расчеты по отдельным аспектам.

Результаты: Данные по крупным предприятиям страны за 2022 год отражают значимые аспекты социальных показателей предприятия, которые в последующем повлияют на устойчивое развитие предприятия. Исследование этих показателей дает возможность предприятию принимать правильные управленческие решения и выявить слабые стороны в развитии.

Выводы: Выделены основные проблемы, возникающие при устойчивом развитии предприятия, одними из которых являются рациональное использование технологий в ходе устойчивого развития, обеспечение безопасности труда, качественное удаление экологических отходов, своевременное принятие различных мероприятий по предупреждению экологических катастроф, защита интересов общества и т.д.

Ключевые слова: устойчивое развитие, требования, обеспечивающие устойчивое развитие, финансовая устойчивость, экологический критерий, социальный критерий.

L.K. Mussipova, N. Berdimurat

Problems of sustainable development of the enterprise

Abstract

Object: Undoubtedly, a multitude of factors affect the further dynamic development of an enterprise's business model establishment. Businesses strive to provide non-financial information along with financial reporting. Non-financial information is reflected in integrated reporting. An integral part of integrated reporting is sustainable development report. Reporting indicators determine matters of sustainable development of an enterprise. This research paper demonstrates a set of issues enterprises deal with in the conditions of unstable environment, as well as countermeasures.

Furthermore, a number of different methods and approaches have been found to ensure sustainable development, along with which the ways of their rational application in practice are considered. Several factors influencing sustainable development are also demonstrated, each being studied and illustrated. On top of that, problems that arise when promoting sustainability management as one of the problems of sustainable development of an enterprise did not go unnoticed. A negligent approach to management and inefficient decision-making by an enterprise's management commonly leads to numerous problems. In addition, a literary review of foreign authors was made, and rational ways were shown to ensure the sustainable development of an enterprise.

The outcomes of the study on sustainable development report indicators of two large leading enterprises have been researched and reflected in this paper.

Methods: Social and other indicators from the report on the sustainable development of large enterprises of the country have been studied and calculations have been made on certain aspects.

Findings: Data on large enterprises in the country for 2022 reflect significant aspects of the company's social indicators, which will subsequently affect the sustainable development of the enterprise. The study of these indicators enables the company to make the right management decisions and identify weaknesses in development.

Conclusions: The main problems that arise during the sustainable development of an enterprise are highlighted, one of which is the rational use of technology in the course of sustainable development, ensuring occupational safety, high-quality disposal of environmental waste, timely adoption of various measures to prevent environmental disasters, protecting the interests of society, etc.

Keywords: sustainable development, requirements for sustainable development, financial sustainability, environmental criterion, social criterion.

References

Adams, C. A., Potter, B., Singh, P. J., & York, J. (2016). Exploring the Implications of Integrated Reporting for Social Investment (disclosures). *The British Accounting Review*, 48, 3, 283-296. DOI 10.1016 / j.bar.2016.05.002.

- Allison, B. & Harkins, S. (2014). Fixed fortunes: Biggest corporate political interests spend billions, get trillions. (November 17). Retrieved from <https://sunlightfoundation.com/blog/2014/11/17/fixed-fortunes-biggest-corporate-political-interests-spend-billions-get-trillions/>.
- Barin, Cruz L. & Avila, E. Pedrozo. (2009). Corporate social responsibility and green management: Relation between headquarters and subsidiary in multinational corporations. *Management Decision*, 47(7), 1174-1199.
- Beck, C., Dumay, J., & Frost, G. (2015). In pursuit of a “single source of truth”: from threatened legitimacy to integrated reporting”. *Journal of Business Ethics*, 141, 1, 191-205.
- Brown, J., & Dillard, J. (2014). Integrated reporting: On the need for broadening out and opening up. *Accounting, Auditing & Accountability Journal*, 27, 7, 1120-1156.
- Kuznetsova, I. & Balabash, O. (2015). Sustainable enterprise development: essence and components. *Соціально-економічні проблеми і держава*, (1), 48-57.
- Miller P. & Power, M. (2013). Accounting, organizing, and economizing: Connecting accounting research and organization theory. *Academy of Management Annals*, 7, 1, 557-605.
- Oželienė, D. (2017). A review of enterprise sustainable development models: Critical appraisal. *Science. Business. Society.*, 2(2), 97-103.
- Purcell, W. M., Henriksen, H., & Spengler, J. D. (2019). Universities as the engine of transformational sustainability toward delivering the sustainable development goals: “Living labs” for sustainability. *International Journal of Sustainability in Higher Education*, 20(8), 1343-1357.
- COSO: Upravlenie riskami organizatsii. Integratsiia so strategiei i effektivnostiu deiatelnosti. Dostup iz spravocno-pravovoi sistemy “Konsultant plius” [COSO: Organizational Risk Management. Integration with strategy and performance. Access from the reference-legal system “Consultant Plus”]. Retrieved from <https://www.consultant.ru/cons news/156498>.
- Vurganov, M. G., Khabalova, A. S., & Pavlova, N. Yu. (2020). Sovremennye podkhody k opredeleniju ponjatija «ustojchivoe razvitie» i razrabotka strategii ustojchivogo razvitija kompanii [Modern Approaches to the Definition of the Concept of “Sustainable Development” and the Development of a Strategy for Sustainable Development of the Company]. *Global and Regional research*, Vol. 2, 1, 169-176 [in Russian].
- Godovoi otchet za 2022 god AO “Korporatsiia Kazakhmys” [The annual report for 2022 of Kazakhmys Corporation JSC]. Retrieved from https://kase.kz/files/emitters/KMCP/kmcpp_2022_rus.pdf [in Russian].
- Godovoi otchet za 2022 god AO “Samruk-energo” [Annual report for 2022 of Samruk-Energo JSC]. Retrieved from https://www.samruk-energy.kz/images/documents/SE-book_RU_1_compressed.pdf [in Russian].
- Godovoi otchet NK “Kazmunaigaz” [Annual report of NC Kazmunaigas]. Retrieved from <https://ar2022.kmg.kz/ru>.
- Zotova, A. S., Fadeev, A. V., & Azikhanova, V. (2014). Ustoichivoe razvitie predpriiatiia korporativnogo sektora v sovremennykh usloviakh [Sustainable development of the enterprise of the corporate sector in modern conditions]. *Evrasiiskii Soiuz Uchenykh (ESU). Ekonomicheskie nauki — Eurasian Union of Scientists (EUS)*. *Economic sciences*, 8–2(8), 166-169 [in Russian].
- Integrirovanniy otchet za 2022 god AO “Kazatomprom” [Integrated report for 2022 of Kazatomprom JSC]. Retrieved from https://www.kazatomprom.kz/storage/45/integrirovannii_godovoi_otchet_kazatomprom.pdf [in Russian].